

ISSN 2616-678X

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

BULLETIN

of the L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ФИЛОЛОГИЯ сериясы

Серия **ФИЛОЛОГИЯ**

PHILOLOGY Series

№1 (122) / 2018

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2018

Astana, 2018

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	ф.ғ.д. проф. (Румыния)
Бейсенбаева Жанаргүл	ф.ғ.к., қауымд. проф. (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассос. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	ф.ғ.д. проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	ф.ғ.к., қауымд. проф. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сатпаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген І.Р. Құрманғалиев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы

Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 40 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 12/1, тел.: (7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Эзербайжан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсенбаева Жанаргуль	к.ф.н., ассос. проф. (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассос. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., ассос. проф. (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408
Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка И.Р. Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.
Периодичность: 4 раза в год
Тираж: 40 экземпляров
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31413)

Editor-in-Chief **Dihan Kamzabekuly**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof (Russia)
Beisenbayeva Zhanargul	Can. of philology, assos. Prof (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantaj	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: I.R. Kurmangalyev

Bulletin of the L.N.Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan
Registered by Ministry of information and communication of Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 40 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31413)

© L.N.Gumilyov Eurasian National University

Мазмұны


<i>Абдыханова Б.А., Нергиз Бирай</i> Интертекстуалдылық теориясы мен прецедентті құбылыс арасындағы байланыс	8
<i>Аймолдина Ә.А.</i> Искерлік дискурс зерттеудің әлеуметтік және когнитивтік аспектіліктерінің қатынастары	14
<i>Алефиренко Н.Ф., Нұртазина М.Б.</i> Тіл ғылымындағы қазіргі заманғы үрдістер: ғылыми зерттеулердің векторлары	20
<i>Гауриева Г.М., Кадырова Е.Б.</i> Лексикалық құзыреттілікті қалыптастыруда ағылшын тілі сабағында ой-талқыларды қолдану	32
<i>Жапанова М.Е.</i> Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Қан мен тер» романындағы иіс-жанды ұстанымдарының көркемдік ерекшелігі	37
<i>Жұмсақбаев А.Т.</i> Джон Толкиеннің «Сақиналардың патшасы» трилогиясының жанрлық құбылысы	46
<i>Жұматаев Е.</i> Әдеби тіл мен әлеуметтік желі: тіл бәсекелестігі мен әдеби тілдің қазіргі сипаты	50
<i>Зилинька М.Н.</i> Шыңғыс Айтматовтың шығармаларындағы фразеологизмдерді аударудың ерекшеліктері	58
<i>Қадысқызы А., Хасенова Р.Т., Құлахметова Ж.Т.</i> Қазақстандағы оралмандар және олардың әлеуметтік-мәдени бейімделуі	64
<i>Қасымова Ә.Ә.</i> Қазақ және түрік тілдеріндегі қоштасу этикетіне қатысты қалып сөздердің лингво-мәдени сипаты	71
<i>Латанова Р.У., Заркешеева А.Е., Хамитова А.Ф.</i> Қазақстандық жоғары оқу орындары студенттеріне ағылшын тілін үйретуде Action Research әдісін енгізу жолы	76
<i>Мейрамбекова Л.К., Сейтова Ш.Б., Есенғалиева А.М.</i> Бір буынды түбір етістіктің «қыпшақтық» корпусындағы вокализм жүйесінде салыстырмалы сипаттамасы ..	81
<i>Матбек Н.Қ., Садықова Р.К.</i> Ноғай әдеби тілінің қалыптасуы	88
<i>Мырзағалиева Т.Е., Шәріпова Г.А.</i> Құран поэтологиясындағы орыс универсумы ..	95
<i>Нұртазина М.Б., Амрина З.Ж.</i> Білім берудегі «Polycultural World» жүйесін қамтамасыз етуге арналған кәсіби лингвистика	105
<i>Оразбаева Э.С.</i> Онкологиялық терминдерді талдау және аудару	112
<i>Өтелбай Г. Т.</i> «Кемпіркосақ» баламасының туыс және шет тілдердегі ұқсастығы мен ерекшелігі	119
<i>Садықова А. Т., Қабдырашева Б. Н.</i> І. Есенберлин шығармаларындағы тарихи тұлғалар бейнесі	125
<i>Сейтова Ш.Б.</i> Кейбір этноатаулардың ақпараттық уәжі (Шығыс Қазақстан аймағы материалдары негізінде)	132
<i>Сәдуақасұлы Ж., Махамбетова А.</i> Қазақ тіл білімінде лепті сөйлемдердің зерттелу жайы	138
<i>Симбаева С.О., Қайыпбаева М. М.</i> Тілді аудармасыз оқыту және тілдің фонетикалық интерпритациясы	143
<i>Шәріпова Г.А.</i> Исламдық мәдени универсиумы	147
<i>Шәріп А.Ж.</i> Хүсейін Жавид және XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясы: рухани ізденістер мен көркемдік ерекшеліктер	151
<i>Шоқабаетова С.С.</i> Сөзжасамның фонетикамен байланысы туралы	162

Содержание

<i>Абдыханова Б.А., Нергиз Бирай</i> Взаимосвязь прецедентных текстов и интертекстуальности	8
<i>Аймолдина А.А.</i> Взаимосвязь социальных и когнитивных аспектов изучения делового дискурса	14
<i>Алефиренко Н.Ф., Нуртазина М.Б.</i> Современные тенденции в науке о языке: векторы научного поиска	20
<i>Гауриева Г.М., Кадырова Е.Б.</i> Использование мозгового штурма для формирования лексической компетентности на уроках английского языка	32
<i>Жапанова М.Е.</i> Художественные особенности памяти запаха в романе Абдижамиля Нурпеисова «Кровь и пот»	37
<i>Жумсакбаев А.Т.</i> Жанровая феноменальность трилогии Джона Толкиена «Властелин колец»	46
<i>Жуматаев Е.</i> Литературный язык и социальные сети: конкурентоспособность и современность казахского языка	50
<i>Зилинька М.Н.</i> Особенности перевода фразеологизмов в произведениях Чингиза Айтматова	58
<i>Кадыскызы А., Хасенова Р.Т., Кулахметова Ж.Т.</i> Оралманы в Казахстане и их социально-культурная адаптация	64
<i>Касымова А.А.</i> Лингво-культурологический анализ лингвистических единиц, связанных с этикой прощания казахского и турецкого языков	71
<i>Латанова Р.У., Заркешева А., Хамитова А.Г.</i> Пути внедрения Action Research в обучении английскому языку студентов высших учебных заведений в Казахстане.....	76
<i>Мейрамбекова Л.К., Сейтова Ш.Б., Есенгалиева А.М.</i> Сравнительно-сопоставительная характеристика односложных глаголов в системе вокализма языков кипчакской группы	81
<i>Матбек Н.К., Садыкова Р.К.</i> Формирование ногайского литературного языка.....	88
<i>Мурзагалиева Т.Е., Шарипова Г.А.</i> Русский универсум коранической поэтологии.....	95
<i>Нуртазина М.Б., Амрина З.Ж.</i> Polycultural World: Компетентный подход в профессиональной лингвистике для образования	105
<i>Оразбаева Э.С.</i> Анализ и перевод онкологических терминов	112
<i>Отелбай Г. Т.</i> Аналогия и особенность эквивалента «Кемпірқосак» у родственных и иностранных языков	119
<i>Садыкова А.Т., Кабдырашева Б.Н.</i> Образ исторических личностей в творчестве И.Есенберлина	125
<i>Сейтова Ш.Б.</i> Информационное содержание некоторых этнонаименований	132
<i>Садуакасулы Ж., Махамбетова А.</i> Обстоятельства исследования восклицательных предложений казахского языка	138
<i>Симбаева С., Кайытбаева М.М.</i> Обучение языка без перевода и фонетическая интерпретация языка	143
<i>Шарипова Г.А.</i> Исламский универсум культуры	147
<i>Шарип А.Ж.</i> Гусейн Джавид и казахская поэзия начала XX века: духовные искания и художественные особенности	151
<i>Шокабаева С.С.</i> О связи словообразования с фонетикой	162

Contents

<i>Abdyhanova B.A., Nergiz Biraj</i> Interrelation of precedent texts and intertextuality	8
<i>Aimoldina A.A.</i> Interconnection of Social and Cognitive Aspects in Business Discourse Studying	14
<i>Alefrenko N.F., Nurtazina M.B.</i> Modern trends in the science of language: vectors of scientific research	20
<i>Gauriyeva G.M., Kadyrova Ye.B.</i> Use of brainstorming for the formation of lexical competence in English class	32
<i>Japanova M.E.</i> Artistic features of the memory of the smell in the novel «Blood and Sweat» by Abdizhamil Nurpeisov	37
<i>Zhumsakbayev A.T.</i> Genre's phenomenon of John Tolkien's trilogy «The Lord of the Rings»	46
<i>Zhumataev E.</i> Analysis of the translation into the Kazakh language interjections in the piece	50
<i>Zilinka M.N.</i> The peculiarities of phraseological units translation in book's of Chingiz Aitmatov	58
<i>Kadyskyzy A., Khassenova R. T., Kulakhmetova Zh.T.</i> Oralman in Kazakhstan and their Socio-Cultural Adaptation	64
<i>Kasymova A.A.</i> Linguistic and Cultural Analysis of Linguistic Units Associated with Ethics of Farewell to Kazakh and Turkish Languages	71
<i>Latanova R.U., Zarkesheva A.E., Khamitova A.G.</i> The ways of planning action research in teaching english for students in higher schools of Kazakhstan	76
<i>Meirambekova L.K., Seiitova Sh. B., Esengaliyeva A.M.</i> Comparative characteristic of monosyllabic verbs in the vocalism system of the languages of the Kipchak group	81
<i>Matbek N.K., Sadykova R.K.</i> Formation of Nogai literary language	88
<i>Murzagaliyeva T.E. , Sharipova G.A.</i> Russian Universum of Quranic Poetology.....	95
<i>Nurtazina M.B., Amrina Z.Zh.</i> Polycultural World: a competent approach in professional Linguistic for education	105
<i>Orazbayeva E.S.</i> Analysis and translation of cancer terms	112
<i>Otelbay G. T.</i> The analogy and peculiarity of the «Кемпірқосақ» alternative in relatives and foreign languages	119
<i>Sadykova A.T., Kabdyrasheva B.N.</i> The image of historical personalities in the creative work of I.Esenberlin	125
<i>Seiitova Sh. B.</i> Informational motives of some ethnonyms	132
<i>Saduakasuly Zh., Makhambetova A.</i> The study of exclamatory sentences of the kazakh language	138
<i>Simbaeva S.O. Kaiypbayeva M. M.</i> Phonetic interpretation of the language without translation	143
<i>Sharipova G.A.</i> Islamic Universum of Culture	147
<i>Sharip A.Zh.</i> Hussain Jawid and Kazakh poetry of early 20th century: spiritual quest and artistic features	151
<i>Shokabayeva S.</i> Connection of word-formation with phones	162



FTAMP 16.21.33

Б.А. Абдыханова¹, Нергиз Бирай²

¹*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*

²*Памуккале университеті, Түркия*
(e-mail: abdychanovab@mail.ru)

Интертекстуалдылық теориясы мен прецедентті құбылыс арасындағы байланыс

Аңдатпа. Мақала прецедентті мәтіндердің көркем шығармалардағы қызметін анықтауға арналған. Бұл мәселе интертекстуалдылық теориясымен, көркем шығармаларды талдаумен, тіл мен мәдениет арақатынасымен тығыз байланысты. Интертекстуалдылық теориясына берілген тар түсінікте ол тек диалогтық қарым-қатынастармен ғана шектеледі, мәтінде қандай да бір нақты мәтіннің айқын белгілері болады делінген.

Прецедентті элементтердің ұлттық мазмұнын зерттеу арқылы ұлттың ойлау жүйесіне тән ерекшеліктері мен заңдылықтарын тани түсеміз. Көркем шығармаларда ұтымды қолданылған прецедентті элементтер шығарманың көркемдік деңгейін арттырады, ұлттың таным-түсінігі мен пайымдауларынан мол хабар береді. Прецедентті мәтіндердің менталдық сипаттарын зерттеу, оны ұлттық болмыс пен ұлттық таным көрсеткіші ретінде тануға бағытталған зерттеулер ұлт өмірінен, дүниетанымынан беретін ақпарат қорын молайтады.

Түйін сөздер: Интертекст, интертекстуалдылық байланыс, прецедентті мәтін, прецедентті есімдер, ассоциация, мәдени код, тілдік маркер;

Кіріспе. Интертекстуалдылықты мәтіндер арасындағы байланыс теориясы ретінде зерттеуге арналған қазіргі ғылыми әдебиеттерде интертекстуалдылық кең (ауқымды) және тар мағынада түсіндіріледі. Осыған сай интертекстуалдылық теориясы:

1. не мәтіннің әмбебап қасиеті, яғни кезкелген мәтін интертекст деп түсініледі;
2. не нақты бір мәтінге ғана тән сапа ретінде түсініледі.

Зерттелуі. Интертекстті кең ауқымда қарастыру М.М. Бахтиннің еңбектерінен бастау алады. М.М. Бахтин әдеби қарым-қатынас *tabula rasa* болып өмір сүре алмайды дейді: «всякое конкретное высказывание находит тот предмет, на который оно направлено, всегда уже оговоренным, оцененным. Этот предмет пронизан точками зрения, чужими оценками, мыслями, акцентами. Высказывание входит в эту диалогически напряженную среду чужих слов, вплетается в их сложные взаимоотношения, сливается с одним, отталкивается от других, пересекается с третьими» [1, 89-90 б.]. М.М. Бахтин пікіріне сүйенсек, кезкелген мәтін интертекст ретінде қаралады, ал жекелеген шығармаларда орын алған өзіне дейінгі мәтіндер (предтекст) бұрынғы мәтіндердің жиынтығы ғана емес, сондай-ақ солардың тереңінде жатқан ортақ кодтар мен мағыналық жүйелердің қосындысы. Жаңа түзілген мәтінмен және одан бұрынғы өзге мәтіннің арасында ортақ интертекстуалдылық кеңістік болады, олар өздеріне барлық мәдени-тарихи естелікті (опыт) біріктіреді. М. Бахтин зерттеулерінде интертекстуалдылық шексіз мәтін теориясы ретінде ұсынылады, мәтіннің әрбір фрагменті интертекстуалды болып табылады.

Интертекстуалдылық терминін орыс философы және әдебиет теоретигі М.М. Бахтиннің «сұхбаттастық (диалогичность)» идеясына сүйене отырып, 1967 жылы француз филологы, постструктуралист Ю. Кристева енгізді. Ю. Кристева М. Бахтиннің 19 ғасырдың 20-30 жылдарында орыс тілінде жарық көрген интертекстуалдылық туралы түсініктерін дамыта отырып, интертекстуалдылықты ең алдымен мәтіндер динамикасы деп қарастырады. Осы термин оның постмодернизм үлгісінде жазылған көркем шығармаларды талдаудағы негізгі термині болды. Ю. Кристева кезкелген мәтіннің басқа мәтінмен диалогқа түсе алу қабілетін интертекстуалдылық деп санайды. Оның айтуынша: «кезкелген мәтін цитаталар мозаикасы тәрізді құрылады, кезкелген мәтін – басқа бір мәтіннің үзіндісі түріндегі көшірмесі я трансформациясы, сіңірілуі. Бұдан интерсубъективтілік түсінігінің орнына интертекстуалдылық түсінігі орнығады, осылайша поэтика тілі кем дегенде қосарланып оқылады» [2, 167 б.].

Неміс ғалымы Suchsland Ю. Кристева берген бұл анықтаманың әдебиеттегі дәстүрлі ғылыми концепцияларға сілкініс әкелгендігін айтады. Осыған қатысты: «Sinn ist nicht mehr etwas, was bereits feststeht, sondern Sinn läßt sich niemals festlegen, da ein sprachliches Zeichen immer zwischen verschiedenen Bezugssystemen wechselt. Ein sprachliches Zeichen war als ein Kreuzungspunkt verschiedener Sinnebenen anzusehen» - деп өз пікірін айтады, аудармасында «Сонда мағына дегеніміз дау тудырмайтын, орныққан дүние емес, керісінше мағынаның дау тудырмауы мүмкін емес, оның себебі тілдік белгілердің әртүрлі қатынастық жүйелер арасында үнемі ауысуында. Тілдік белгі әртүрлі мағыналық қырлардың (көзқарастардың) қиылысу пункті деп қарастыру керек» [3, 79 б.].

Suchsland өз еңбегінде Ю. Кристева үшін: «Alles war also für Kristeva Text, jedes kulturelle System, die Geschichte, die Gesellschaft», яғни әрбір мәдени жүйе, тарих, қоғам «мәтін» деп табылғандығын келтіреді [3, 81 б.].

Ю. Кристеваның мәтін туралы пайымдаулары интертекстуалдылық теориясымен жалғасын табады: «Der Text hat redistributiven Charakter, denn er ordnet die gegebenen Sinnsysteme um und außerdem ist ein Text eine «[...] Textverarbeitung [...], eine Intertextualität: Im Bereich eines Textes überschneiden und neutralisieren einander mehrere Aussagen, die anderen Texten entstammen»[4]. (Мәтінге «қайта бөлу» қасиеті (перераспределительный характер) тән, оның себебі: мәтін өзіне берілген мағынаны меншіктеп алады, сондай-ақ мәтін – «мәтін өңдеу», интертекст болып табылады: мәтін көлемінде бірнеше ойлар бір-бірімен қиылысады және бір-бірін бейтараптайды, басқа мәтіндер пайда болады).

Ю. Кристеваның бұл түсініктемесі интертекстің пайда болуының өзі кезкелген мәтінге тән табиғи заңдылық дегенге саяды [2, 167 б.].

Мақсаты. Интертекст теориясының негізгі қағидаларын дамыта отырып, Р.Барт интертексті мәдени кодпен байланыстырады. Р.Барт интертекстуалдылықты мәтіннің өмір сүруінің ажырамас шарты деп анықтайды, мәтін өздігінен өмір сүре алмайды, ол «мәдени кодтардың үзінділерін» сіңіреді және араластырады деген түсініктеме береді [5, 417 б.]. Мәтін мен интертексті тең қарастыра отырып, интертекстуалдылық өз алдына жеке құбылыс емес, ол әдебиеттің жалпы (общий) принципі – мәтінді сыртқы әлемге танытудың құралы деп анықтайды.

Негізгі бөлім. Интертекстуалдылық теориясына берілген тар түсінікте ол тек диалогтық қарым-қатынастармен ғана шектеледі, мәтінде қандай да бір нақты мәтіннің айқын белгілері болады делінген. Осы мәселеге қатысты А.Н. Безруков: «Алайда интертекстуалдылық категориясы дәйексөздер арқылы, оқырмандардың санасында нақты бір ассоциативті тізбектердің түзілуімен, аллюзия, реминисценцияның туындауымен ғана түсіндірілмеуі керек» - дейді. Ғалым интертекстуалдылықтың басқа бір моделі де бар екендігін және ол модель интертекстуалдылықтың генеративті табиғатын, мағынаның көптігін, жорамал түсіндірмелердің (интерпретация) аяқталмаған санын, реципиенттің ойлау,

шығармашылық белсенділігін қалыптастыру дегенді білдіретіндігін айтады. «Интертекстуальность охватывает различные текстовые уровни, является категорией его открытости, обладает смысловой незамкнутостью, процессуальностью конституирования смысла как его движения в культурной среде» [5, 419 б.].

Танымал жазушы Әкім Таразидің «Хош, көлеңке» атты әңгімесінде кейіпкерін толғандыртуына тоқталсақ: «Өмір сүру – мәңгілікке талпыну» деген ой келді. Біреулер үрім-бұтағының көп болуын, өсіп-өнуін мақсат етеді, тілейді, біреулер өлмес іс-әрекет қалдырмақ. Жақсының ісі – рухында. Ертегідегі жалмауыз кемпір сияқты: оның жаны кеудесінде емес. Жүре берсең, жүре берсең алдыңнан бір тау шығады. Таудың басында бір үңгір бар. Үңгірде алтын сандық бар. Сандықтың ішінде бір қобдиша бар. Қобдишаны ашсаң, жалғыз жұмыртқа көресің. Жалмауыз кемпірдің жаны сол жұмыртқада. Жақсының рухы – ісінде. Ал мен ше? Мен кіммін сонда?» [7, 146 б.].

Кейіпкер ойынан авторлық философиялық пайымдауды көреміз. Жалпы қазақ танымында «жалмауыз кемпір» жамандықты, зұлымдықты іске асырушы адам, олай болса, «жалмауыз кемпір» жамандықтың ассоциациясы. Оны жеңудің өз қиындығы бар. Ертегілерде «жалмауыз кемпірді» екінші біріне жеңдіре бермейді. Оны батырлардың батыры ғана жеңеді. Ол қиындықтан қорықпайтын, жүрегінің түгі бар, ісінің дұрыстығына сенімді, жеңудің жолын білетін ерекше адам. Әңгімедегі «мәдени код» осы деп білеміз. Жалмауыз кемпірдің жаны сақталған қобдишаға жетер жолдағы кедергілерді, қиындықтарды жеңсең ісіңмен рух бересің. Жазушының кейіпкері арқылы айтпақ ойы осы деп ұғамыз, жақсылық істеуді мұрат етуді тапсырады. Жазушы жақсылық істеуді екі масштабта қарап отыр. Бірі жеке басты қанағаттандырудан туындайтын отбасына, туған-туысына, ағайындарына істер жақсылығың болса, екінші бір адамдардың істейтін жақсы ісінің ауқымы кең. Онда жеке бас мүддесінен ұлт, халық мүддесі жоғары қойылған. Ол туған еліне, туған жеріңе, халқыңа жақсылық істеу. Ондай ауқымдағы жақсылық автордың кейіпкері еске салғандай «жалмауыз кемпірдің жанын алар жолдағы кездесер түрлі қиындықтармен, кедергілермен тең». Шығармада интертекст оңай табылғанмен, интертексттік келтірінді арқылы жазушының көздеген мақсатын тану, айтпақ ойын дәл табу қиын, алуантүрлі түсінілуі мүмкін. Байқағанымыздай, интертекстуалдылық байланыс мәтінге қосымша мағына жүктеу арқылы, оқырмандарды бірнеше мәтіндермен байланыстырады, әдеби мәтіндердің таралуына жол ашады, ақын, жазушылардың айтар ойының дұрыс қабылдануына мүмкіндік береді, оқырмандардың фантазиясын дамытады. Себебі, оқырмандардың интермәтіндік келтірінділерді қабылдау қабілетіне байланысты, олардың түсіндірілуінің бірнеше нұсқасы болуы мүмкін. М.К. Попова интертекстуалдылық теориясының ауқымының кеңеюімен, интертекстуалдылықтың зерттеу алаңында көркем шығармалармен тікелей байланысы жоқ зерттеу нысандарының пайда болуы прецеденттілік теориясының дамуына жол ашқанын, оның міндетіне мәдени сабақтастық пен мәдени жалғасымды (континуальность) қамтамасыз ететін вербалды феномендерді зерттеу жататындығын айтады [8, 14 б.].

Интертекстуалдылық концепциясының прецеденттілік теориясы мәселелерімен байланысында табиғи заңдылық бар, себебі сөз болатын тілдік бірліктер екі жағдайда да артефакт ретінде танылып, өздері қолданысқа түскен мәтіннен бұрын өзге мәтіннің контексті болған [9]. М.Я. Дымарский интертекстуалдылықтан прецеденттілікті тілдік категория ретінде ажыратып қарауға мүмкіндік беретін белгісі ретінде прецедентті феномендердің кездейсоқ қолданылмайтындығын факт ретінде есептеуді ұсынады, прецедентті феномендер үнемі әдейі, бір мақсатпен қолданылып, «өзім-өзге» оппозициясын өзектендіреді, ал интертекстуалдылық көркем шығарманың онтологиялық (болмыс) қасиеті ретінде түсініледі және ол автордың еркінен тыс көрініс табуы мүмкін деп пікір айтады [9, 55 б.]. Ю.М. Лотманның интертекстуалдылыққа «әдеби эволюция процесіне кірігуін анықтайтын кезкелген мәтіннің (бәрінен бұрын көркем мәтіннің) онтологиялық қасиеті» деп берген си-

паттамасы бар. Дегенмен Н.С. Бирюкова прецедентті феномендердің үнемі қандай да бір мақсатты көздеп қолданылмайтындығын айтады, ғалымның айтуынша мәтіндегі қандай да бір сөз қолданысының *әдейі / әдейі емес* қолданылғандығын анықтайтын маркерлер үнемі толық көрініс таба бермейді [10, 36 б.]. Сондай-ақ С.Л. Кушнеруктың лингвотанымдық тұрғыдан қарастырғанда прецеденттілік түсінігі кең мағынада түсінілетін интертекстуалдылық феноменінің бір қыры, оның қызметі өзара әрекеттескен субъектілер санасындағы инвариантты жалпыұлттық бөлік құрайтын элементтерді зерттеу арқылы қарым-қатынастың ұлттық – мәдени ерекшелігін анықтаудан көрінеді деген көзқарасы прецеденттілікке қатысты тұжырымдарды толықтыра түседі [11, 27 б.]. Бұл жағдайда интертекстуалдылық прецеденттік феномен семантикасындағы мәдени – маңызды ақпаратқа сүйене отырып, адресант пен адресаттың өзара қарым-қатынас жасау қабілеті тұрғысынан зерттеледі. Ресей ғалымдары интертекстуалдылық пен прецеденттік ұғымдарын зерттеуде С.Л. Кушнеруктың пікірін негізге алу прецеденттік феномендерді ерекше ұлттық мазмұнға ие және бүтін бір мәдениеттің, сондай-ақ жекелеген дискурстар мен мәтіндер арасындағы қарым-қатынасты жүзеге асыратын құбылыс ретінде интертекстуалдылықтың материалдық белгілері, оның тезаурустық формасы деп қарастыруға мүмкіндік беретінін айтады (Э.М. Аникина, Л.Г.Бабенко, Г.В. Денисова).

Прецедентті элементтің ұлттық мазмұнын зерттеу арқылы ұлттың ойлау жүйесіне тән ерекшеліктері мен заңдылықтарын тани түсеміз. Көркем шығармаларда ұтымды қолданылған прецедентті элементтер шығарманың көркемдік деңгейін арттырады, ұлттың таным-түсінігі мен пайымдауларынан мол хабар береді. Прецедентті мәтіндердің менталдық сипаттарын зерттеу, оны ұлттық болмыс пен ұлттық таным көрсеткіші ретінде тануға бағытталған зерттеулер ұлт өмірінен, дүниетанымынан беретін ақпарат қорын молайтады. Ассоциативтік таным қалыптастырады. Мысалы, танымал ақын ағамыз Исраил Сапарбаевтың өлеңдерінен ұлттың ассоциативтік бейнесін көруге болады: «Қолындай Қарымбайдың қалтылдаған, Сараңның айтпай-ақ қой салтын маған», «Сол Алла ағыл-тегіл пейіл беріп, Қазақты Атымтай ғып жаратқандай!», «Көремін өмірсерік өнегесін, Ақжүніс, Қамқа, Назым, Құртқалардан», «Аяулы Қыз Жібек пен Баян сұлу - Даланың Данаясы, Мадоннасы!», «Қош көрген хансарайдан жансарайын, Бүгінгі Жиреншенің бірі Менмін!», «Бір-бір тантық жетеді тамашаңа, Бір-бір Жантық жетеді жан басына!..», «Артық болмас білгенің, Аяз бидей әліңді» [12, 243 б.].

Осы өлең жолдарындағы прецедентті есімдер арқылы берілген жиынтық бейнелер: Қарымбай – дүниеқоңыз, сараңдықтың, Атымтай – жомарттықтың, Жантық – екіжүзділік пен арамдықтың, Төлеген – ерліктің, батырлықтың, Жиренше, Аяз билер – шешендіктің, данышпандықтың, Ақжүніс, Қамқа, Назым, Құртқа, Қыз Жібек, Баян сұлулар – сұлулықтың, ақыл-парасаттың, шынайы махаббаттың, ғашықтықтың, адалдықтың, нәзіктіктің, Қожанасыр – аңқаулықтың, туралықтың ассоциациялары.

Ата-бабаларымыздың өткен тіршіліктерінің тамаша бір көрінісі суреттелген «Қыз Жібек» көшінің сән-салтанатын еске түсіре келе туған жердің қазіргі күйін жырлаған ақын Н.Ораздың «Туған жермен сырласу» атты жыр жолдарына тоқталсақ:

Ата-бабалар заманының репрезентациялануы
 Қазіргі заманның репрезентациялануы
 Көштің көркін көрсетті жыршыларың,
 «Қыз Жібектің» көшінде сыршыл ағын.
 Салтылық сайыстар сан салалы,
 Дүлдүлдердің көрсең ғой ыршығанын.
 Туған жерім, сен бақыт иесі едің,
 Кербезің ед керуен түйе сенің.
 Бабаларым төсінде төл өсірді,

Төрт түліктің иесі – киесі едің.
Бауыр басып сенімен бір боп кеткен,
Ауылдасып рулар ірге тепкен,
Ерулік пен той жасау, ас берісіп,
Дала сәнін ерекше күрделі еткен.
Қазір сені трактор талқандаған,
Қалалар тұр заводтар қалқандаған.
Шаңмен көміп машина паң даланы,
Полигондар қоршап сым «арқандаған».

Ұлттық болмыс, ұлттық мәдениетті, ұлт табиғатын танытуға қызмет етіп тұрған 12 көштен тұратын «Қыз Жібек» көшінің сән-салтанатын жырлайтын тұстарынан үзінділер келтіре кетсек: «көш алдындағы сұлудың, он қыз нөкер қасында, қырық нарға жүк арттырған, қамқа зерлі кілемді, жүк үстіне жаптырған, казинелі қырық нарға, жібектен арқан тарттырған», «осындай боп әр жерден, он бір қыз өтті сәндікпен», «тағы айқасты бір көшке, көш алдына қараса, қара жорға мінгені, қара торқа кигені», «сексен түйе қомға алған, сексен түйе үстінде, алтында жағдан орнаған, асфәһани кілемдер, жібектен гүлін торлаған», «тағы айқасты бір көшке, бір бәйбіше нұр жүзді, көшті тартып барады, көш алдында бәйбіше, сары алтыннан жабдығы, бір жүз түйе қазына, қызыл алтын сандығы» т.с.с. Әр көшті бастап келе жатқан қыздардың сұлулығы бірінен-бірі өтсе, осы қыздарын «қыз-жат жұрттық» - деп аса аялап, құрметтеп, тәрбиесі мен жүріс-тұрысына қатты мән беретін халқымыз қыздарын үлде мен бүлдеге де орағанын көреміз. Олардың киім үлгілері, атқа отырысы, өздерін ұстауы ерекше. Жайлауға көшкен «Қыз Жібектің» көші кең далада еркін өмір сүрген қазақ ұлтының табиғатынан көрініс береді. Жердің жағдайы мен табиғаттың қыр-сырын жақсы танып-білген халқымыз қайда қыстап, қайда жайлауға баратын орнын алдын-ала белгілеп, көшіп-қону мерзімін де табиғатпен санаса отырып белгілеген. Осы көштің өзі ғана көп дүниеден хабар береді, оқырманға өте жағымды әсер етеді, рухын көтереді. О.А. Дмитриева прецедентті элементтердің табиғатын мәдениетпен байланыстыра көрсетеді: «ПТ, будучи сгустком культуры, содержит стереотип поведения, мировоззрение языковой личности» [10, 45 б.] және осылайша өз адресаттарына әсер ететіндігін жазады.

Ақын-жазушылар тіліндегі прецедентті қолданыстарды лингвотаным, лингвомәдени теориялары тұрғысынан зерттеу арқылы тілдің қызметін, әлеуетін тереңдей анықтауға мүмкіндік аламыз. Прецедентті мәтіндерді тану, ұғыну мен түсінудің үлкен мәні бар, себебі оларды түсіну арқылы біз нақты бір ұлтқа тиесілі ақпарат аламыз. Прецедентті мәтіндер белгілі бір тіл мен мәдениеттің көрінісі болғандықтан, оқырмандарын өз ұлтының тарихы, мәдениеті, дүниетанымы, философиясымен таныстырады, аралық байланыс орнатады.

Қорытынды. Интертекстуалдылық теориясы мен прецедентті құбылыс мәселелеріне қатысты мәтін герменевтикасы тұрғысынан, танымдық тұрғыдан, мәдениеттану тұрғысынан жүргізіліп жатқан зерттеулердегі алуантүрлі пікірлер аталмыш категориялардың нақты анықтамасын беруде өзіндік қиындықтар тудырады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Бахтин М.М. Вопросы литературы и эстетики. Исследования разных лет. – Москва: Художественная литература, 1975, - 504 с.
- 2 Кристева Ю. Избранные труды. - Москва: РОССПЭН, 2004. - 656 с.
- 3 Suchsland I. Kristeva zur Einführung. 1. Aufl.-Hamburg: Junius, (=Zur Einführung; Bd. 74), 1992, - P. 79.
- 4 Kristeva J. Der geschlossene Text.- In: Zima, 1977. - P. 53
- 5 Барт Р. От произведения к тексту // Р. Барт. Избранные работы: Семиотика. Поэтика. – Москва: Прогресс, 1989, - 616 с.

- 6 Безруков А.Н. Поэтика интертекстуальности. - Бирск, 2005. - 70 с.
 7 Әкім Тарази. Ауыл шетіндегі үй. - Алматы: Атамұра, 2006. - 248 б.
 8 Попова М. К. Феномен прецедентности и преемственность культур. - Воронеж, 2004. - 311 с.
 9 Дымарский М. Я. Прецедентность и художественность. - Воронеж, 2004. - С. 255.
 10 Бирюкова Н. С. Восприятие студентами прецедентных феноменов, используемых в современной массовой коммуникации. - Екатеринбург, 2005. - С. 236.
 11 Кушнерук С. Л. Сопоставительное исследование прецедентных имен в российской и американской рекламе. - Екатеринбург, 2006. - 61 с.
 12 Исраил С. Шығармалар жинағы, III том. - Алматы: Қазығұрт, 2012. - 304 б.
 13 Нұрғожа О. Өлеңдер мен поэмалар, I том. - Алматы: Атамұра, 2007. - 329 б.

Б.А. Абдыханова¹, Нергиз Бирай²

¹*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

²*Университет Памуккале, Турция*

